

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде қызметтер көрсетудің бірыңғай нарығы жұмыс істейтін қызметтер көрсету секторларының (кіші секторларының) тізбесіне өзгерістер енгізу туралы

Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2015 жылғы 16 қазандағы № 31 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы мамырдағы хаттаманың 62-тармағын іске асыру мақсатында Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес шешті:

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 110 шешімімен бекітілген, Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде қызметтер көрсетудің бірыңғай нарығы жұмыс істейтін қызметтер көрсету секторларының (кіші секторларының) тізбесіне қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін:

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес мүшелері:

<i>Армения</i>	<i>Беларусь</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Қырғыз</i>	<i>Ресей</i>
<i>Республикасынан</i>	<i>Республикасынан</i>	<i>Республикасынан</i>	<i>Республикасынан</i>	<i>Федерациясынан</i>

Жоғары Еуразиялық
экономикалық кеңестің
2015 жылғы 16 қазандағы
№ 31 шешіміне
ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде қызметтер көрсетудің бірыңғай нарығы жұмыс істейтін қызметтер көрсету секторларының (кіші секторларының) тізбесіне енгізілетін
ӨЗГЕРІСТЕР**

1. 1-тармақтың бірінші абзацы "54111" деген цифрлардан кейін ", 54112" деген цифрлармен толықтырылсын.

2. 3-тармақтың бірінші абзацы "54400" деген цифрлардан кейін "және 546" деген сөздермен толықтырылсын.

3. 5-тармақтың бірінші абзацындағы "54641" деген цифрлар "54341" деген цифрлармен ауыстырылсын.

4. 8-тармақтың бірінші абзацы "СРС-тан" деген сөзден кейін "83221, 83222," деген цифрлармен толықтырылсын.

5. 15-тармақтағы "512" деген цифрлар "612" деген цифрлармен ауыстырылсын.

6. 17-тармақтың бірінші абзацындағы "және 63230" деген сөздер ", 63230 және 6330" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. 24-баптың бірінші абзацы "73112" деген цифрлардан кейін ", 73114" деген цифрлармен толықтырылсын.

8. 30-тармақтың бірінші абзацындағы "84300" деген цифрлар "83160" деген цифрлармен ауыстырылсын.

9. 43-тармақтың бірінші абзацындағы "және 96610" деген сөздер ", 96610, 96620 және 96990" деген сөздермен ауыстырылсын.

10. 1-тармақтың бірінші абзацындағы, 2-тармақтың бірінші абзацындағы, 3-тармақтың бірінші абзацындағы, 4-тармақтың бірінші абзацындағы, 5-тармақтың бірінші абзацындағы, 6-тармақтың бірінші абзацындағы, 7-тармақтың бірінші абзацындағы, 8-тармақтың бірінші абзацындағы, 9-тармақтың бірінші абзацындағы, 10-тармақтың бірінші абзацындағы, 11-тармақтың бірінші абзацындағы, 12-тармақтың бірінші абзацындағы, 13-тармақтың бірінші абзацындағы, 14-тармақтың бірінші абзацындағы, 15-тармақтағы, 16-тармақтағы, 17-тармақтың бірінші абзацындағы, 18-тармақтың бірінші абзацындағы, 19-тармақтың бірінші абзацындағы, 20-тармақтың бірінші абзацындағы, 22-тармақтың бірінші абзацындағы, 23-тармақтағы, 24-тармақтың бірінші абзацындағы, 25-тармақтағы, 26-тармақтың бірінші абзацындағы, 27-тармақтың бірінші абзацындағы, 28-тармақтың бірінші абзацындағы, 29-тармақтың бірінші абзацындағы, 30-тармақтың бірінші абзацындағы, 32-тармақтың бірінші абзацындағы, 33-тармақтың бірінші абзацындағы, 34-тармақтың бірінші абзацындағы, 35-тармақтың бірінші абзацындағы, 36-тармақтағы, 37-тармақтағы, 38-тармақтың бірінші абзацындағы, 39-тармақтың бірінші абзацындағы, 40-тармақтағы, 41-тармақтағы, 42-тармақтың бірінші абзацындағы, 43-тармақтың бірінші абзацындағы "СРС" деген сөз "СРС-тан" деген сөзбен ауыстырылсын.

11. 1-сілтеме "қолданылады" деген сөздің алдынан ", Қырғыз Республикасы үшін – Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2015 жылғы № 31 Шешімі күшіне енген күннен бастап" деген сөздермен толықтырылсын.

12. 4-сілтеме төртінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қырғыз Республикасы үшін - қарумен және қару-жарақ жүйелерімен, әсери жарақпен және әскери материалдармен, жарылғыш материалдармен, жару ісіне арналған жабдықпен және аспаптармен және пиротехникалық бұйымдармен, бағалы металдар сынықтарымен және қалдықтарымен, бағалы металдармен және тастармен, есірткі құралдарымен және психотроптық заттармен, заңды бақыланатын прекурсорлармен, бекіре балықтармен және олардың уылдырықтарымен, этил

спиртімен, алкогольмен және құрамында спирт бар өнімдермен, темекі бұйымдарымен және темекі өнімдерімен, мұнаймен және мұнай өнімдерімен, газбен, электр энергиясымен, фармацевтикалық, парафармацевтикалық және медициналық тауарлармен (ерекшелік – 2016 жылға дейін), мемлекеттік метрологиялық бақылау және қадағалау саласында пайдаланылатын өлшеу құрылғыларымен, ядролық материалдармен және радиоактивті заттармен сауда жасау;"

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК